

Мектепке дейінгі жастағы балаларына вокал үйірмесін жүргізуші музыка жетекшісінің міндеттері

Лауазымдық міндеттері:

білім алушылардың жеке деректерін ескере отырып, қозғалыстардың жекелеген элементтеріне музыканы таңдайды, музыкалық шығармаларды көшіреді, білім алушыларға ансамбльдік ойын дағдыларын дағдыландырады;

білім алушылардың балабақшаішілік, қалалық, республикалық байқауларға қатысуын қамтамасыз етеді;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау жөніндегі ережелерді сақтайды.

жалпы, арнайы және бейіндік пәндер оқытушыларымен бірлесіп тақырыптық жоспарлар мен бағдарламалар әзірлейді, білім алушылармен жеке және топтық сабақтар өткізеді;

білім алушылардың орындаушылық дағдыларын қалыптастырады, ансамбльдік ойын дағдыларын дамытады, олардың көркемдік талғамын дамытуға, музыкалық-бейнелі түсініктерін кеңейтуге және шығармашылық даралығын тәрбиелеуге ықпал етеді;

жеке және концерттік жұмыста вокалистерді немесе аспапшыларды сүйемелдейді;

музыканы таңдайды және емтихан сабақтарының музыкалық материалын жасайды;

ертеңгіліктерде, концерттерде (спектакльдерде), көрсетілімдерде (спорттық, көркем гимнастика, мәнерлеп сырғанау, жүзу бойынша спорттық жарыстарда) музыкалық материалдардың кәсіби орындалуын қамтамасыз етеді;

тақырыптық жоспарларды, білім беру бағдарламаларын (жалпы, арнайы, бейіндеуші пәндер), оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеуге қатысады;

білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді;

еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтайды.

Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдарын және білім беру мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілерді;

педагогика және жас психологиясы негіздерін;

сабақтар мен репетицияларды өткізу әдістемесін;

педагогикалық этиканың нормаларын;

импровизация негіздерін;

оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың жалпы және жеке әдістерін, әртүрлі дәуірлердегі, стильдегі және жанрдағы шығармалардың музыкалық

фрагменттерін құрастыруды, оларды редакциялау және түсіндіру дәстүрлерін, білім алушылардың жеке физикалық деректерін ескере отырып, қозғалыстардың жекелеген элементтеріне музыканы таңдауды;

еңбек заңнамасының негіздерін, еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын, санитариялық қағидалар мен нормаларды.

Мектепке дейінгі жастағы балаларына жекпе күрес үйірмесін жүргізуші тренер-инструктордың міндеттері

Лауазымдық міндеттері:

дене шынықтыру бойынша жаттықтырушы-оқытушы дене тәрбиесінің бағдарламасы мен әдістемесіне сәйкес тәрбиеленушілерді оқыту бойынша жұмыс жүргізеді;

балалардың жасын, дайындығын, жеке және психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып, міндеттері мен мазмұнын анықтайды;

тәрбиеленушілерді дене жаттығуларын орындау дағдылары мен техникасын пайдалануға үйретеді, олардың адамгершілік-ерік қасиеттерін қалыптастырады;

білім алушылардың балабақшаішілік, қалалық, республикалық байқауларға қатысуын қамтамасыз етеді;

дене шынықтыру сабақтарын және спорттық іс-шараларды өткізу кезінде білім алушы тәрбиеленушілердің толық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсетеді;

санитариялық-гигиеналық нормалардың сақталуын үнемі қадағалап отырады;

медицина қызметкерлерімен бірге балалардың денсаулық жағдайын бақылайды және физикалық жүктемелерін реттейді;

білім алушылардың өмірі мен денсаулығына, қауіпсіздігіне жауап береді;

салауатты өмір салтын насихаттайды;

тәрбиеленушілердің ата-аналарымен және тәрбиешілерімен тығыз байланыста жұмыс істейді;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларына нұсқама береді;

белгіленген құжаттама мен есептілікті жүргізеді.

Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", Қазақстан Республикасының "Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы", "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы", "Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы"

Қазақстан Республикасының Заңдарын және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілерді,

педагогика және психология негіздерін;

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, арнайы педагогика, психология, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін;

педагогикалық этиканың нормаларын;

еңбек заңнамасының негіздерін, еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын.

Ақылы қызмет көрсетілуіне байланысты меңгерушіге қосымша міндеттер

1. 2024-25 оқу жылына көрсетілетін ақылы қызметтің сапасын бақылау;
2. Ақылы қызметтің әдістемелік тұрғыдан нормативтік құжаттармен қамтамасыз етілуін қадағалау;
3. Ақылы қызметке байланысты әдіскердің, хатшының және бухгалтердің міндеттерін орындауын бақылау;
4. Балалардың қатысу табелі тексеру және бекіту;
5. Ақылы қызмет көрсеткен қызметкерлердің жұмыс табелін тексеру және бекіту.

Ақылы қызмет көрсетілуіне байланысты әдіскерге қосымша міндеттер

1. Ақылы қызметтің 2024-2025 оқу жылына арналған перспективалық жоспарын бекіту;
2. Ақылы қызметтердің өткізілу кестесін құрастыру және бекіту;
3. Ақылы қызмет көрсететін қызметкерлердің міндеттерімен таныстыру;
4. Ақылы қызмет көрсетудің өткізілу сапасын бақылау;
5. Тәрбиешілердің балаларды уақтылы кестеге сәйкес қатыстыруын қамтамасыз ету;
6. Ақылы қызмет көрсетуші педагогтың тәрбиеленушілердің қатысу журналын тексеру
7. Ақылы қызмет көрсететін қызметкерлерге ай сайын жұмыс табелін уақтылы өткізіп отыру.

Ақылы қызмет көрсетілуіне байланысты хатшыға қосымша міндеттер

1. Ата аналардан өтініш жинау;
2. Ата аналармен келісім шарт жасау;
3. Ақылы қызмет көрсететін қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, босату бұйрықтарын шығару, еңбек шарттарын жасау;
4. Қызметкерлердің құжаттарын жинау;
5. Балалардың тізімін жасау.

Ақылы қызмет көрсетілуіне байланысты бухгалтерге қосымша міндеттер

1. Ақылы қызмет көрсеткен педагогтардан табельге сәйкес ата аналарға түбіртек дайындап, келесі айдың 10-на дейін түбіртек таратылуын қамтамасыз ету міндеті;
2. Ақылы қызмет көрсетуші педагогтарының және қосымша қызмет көрсеткен қызметкерлерге еңбекақысы келесі айдың 10-дейін заңдарға сәйкес есептеліп, төлеу міндеті.